

**Қ.И.Сәтбаев атындағы «Орталықтың» төрағасы, Қазақстан Республикасына  
еңбегі сіңген ғылым қайраткері, Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлықтың лауреаты,  
Халықаралық «Экология» академиясының және Қазақстан Республикасы Ұлттық  
ғылым академиясының академигі, геология-минералогия ғылымдарының докторы,  
профессор**

**Мұхтар Мұқашұлы БӘКЕНОВКЕ – 80 жыл**

**Аса құрметті Мұхтар Мұқашұлы!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Төралқасының атынан Сізді бүгінгі мерейтойыңыз – 80 жасқа келуіңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздің өмір жолыңыз Қазақ мемлекеттік университетін үздік бітіргеннен соң Ақшатау кен орнымен, Майқайың алтын-кен экспедициясы мен Қазақ ұлттық техникалық университетімен тығыз байланысты дамыды. Соның арқасында Сіз алтын кен орындарын іздеп-зерттеу, барлау, жаңадан алтын және титан-магнетит кен орындарын ашуды ұйымдастырып, осы саланың қырысырын жақсы меңгерген, ұйымдастырушылық қабілеті зор білікті және көрнекті ғалымдардың біріне айналдыңыз. Мемлекеттік және жер қойнауын қорғау комитетін құру, қазба байлықтарды тиімді және халқымыздың игілігіне пайдалану саласындағы халықаралық деңгейде танылған ерен еңбегіңіз геология және кен орындарын зерттеу ғылымына қосқан ірі және маңызды жаңалық болып табылады. Сіз анықтаған көптеген және әртүрлі алтын кен орындарының жаратылу мен орналасу заңдылықтары үлкен өндіріс кәсіпорындарының шикізат қоры болып есептелінетін Ақбақай, Бақыршық, Тасқора, Риддер-Сокольное, Майқайың және тағы басқа алтын кен орындарын кешенді игеруге жол ашты. Қаратау мен Солтүстік Тянь-Шань тау жоталарынан да мол кен орындарын табуға болатын металлогениялық болжауыңыз ғылымдағы құнды үлес болып табылады.

Біз Сізді металлогения ілімін, жер қойнауындағы кен орындарын, олардың жаңа түрлерін ашу, минералдық шикізат қорын дамыту мәселелеріне арналған 17 монографияның, 130-дан аса ғылыми еңбектер мен мақалалардың авторысы ретінде жақсы танимыз. Сіз негізін салған қазақстандық ғылыми мектеп бүкіл әлемге әйгілі, сонымен қатар Сіздің ғылымдағы шәкірт тәрбиелеу мен дайындау ісіне қосқан үлесіңіз де қомақты.

Сіздің еңбекқорлығыңызды, табандылығыңызды, адамгершілігіңіз бен жауапкершілігіңізді және отан сүйгіштігіңізді мақтан тұтамыз.

Сіздің ғылымдағы және оқу-ағарту ісіндегі орасан зор еңбектеріңіз жоғары бағаланып, Сіз «Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері», Қ.И.Сәтбаев атындағы дәрежелі сыйлықтың тұңғыш иегерлерінің бірі атандыңыз, Халықаралық «Экология» академиясының академигісіз, Калгари қаласының (Канада) Құрметті азаматысыз, «Құрмет» орденімен, «Айрықша еңбегі үшін», «Республикаға сіңірген еңбегі үшін», «Жер қойнауын барлаудағы еңбегі үшін» және т.б. медальдармен, бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталдыңыз.

***Құрметті Мұхтар Мұқашұлы, 80 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Сізге отбасыңызға мол бақыт, зор денсаулық, ұзақ ғұмырлы өмір және зор шығармашылық табыстар тілейміз!***